

## Ақтөбе облысында жергілікті қоғамдастықтың жиналыс (жиын) өткізу Қағидасы туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2010 жылғы 9 сәуірдегі № 295 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 4 мамырда № 3331 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 174 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық мәслихатының 11.12.2013 № 174 шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 Заңының 39-3 бабының 2-тармағына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. Қосымша беріліп отырған Ақтөбе облысында жергілікті қоғамдастықтың жиналыс (жиын) өткізу Қағидасы бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<b>Облыстық мәслихаттың</b> сессия төрағасы <b>Б.АМАНБАЕВ</b> 2010 жылғы облыстық бекітілген	<b>Облыстық</b> мәслихаттың хатшысы <b>Б.ОРДАБАЕВ</b> 9 сәуірдегі мәслихаттың	№ 295 шешімімен
---	---	--------------------

## **Ақтөбе облысында жергілікті қоғамдастықтың жиналыс (жиын) өткізу қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ақтөбе облысында жергілікті қоғамдастықтың жиналыс (жиын) өткізу Қағидасы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148 Заңының 39-3 бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Азаматтардың тікелей өз еркін білдіру түрінің бірі болып табылатын, жергілікті маңызы бар мәселелерді шешу үшін жергілікті қоғамдастықтың жиналысы (жиыны) облыстың әкімшілік-аумақтық бөліністерінде өткізілуі

## М Ү М К И Н .

3. Жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын әкімшілік-аумақтық бөлініс шекарасының аумағында тұрғылықты жері бойынша белгіленген тәртіппен тіркелген азаматтар жиналышы (жиын) жұмысына қатыса алады.

## 2. ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

4. Жергілікті қоғамдастықтың жиналышы (жиыны) қажеттілігіне қарай тиісті аумақтың тұрғындарының бастамасымен және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің жергілікті өзін-өзі басқару органдарының бастамасымен шақырылады.

Қалаларда жиналыш (жиын) шақырылуы мүмкін:  
шағын аудандар, көшелер, үйлер;  
олардың әкімшілік бағынысындағы елді мекендер бойынша.

5. Тиісті аумақтың (шағын ауданының, көшелердің, үйлердің) тұрғындарының кем дегенде жартысы қатысқан кезде жиналыш (жиын) занды болып есептеледі.

Сондай-ақ өкілдерінің кем дегенде үштен екісі қатысқан кезде занды болып табылатын, елді мекендердің, көшелердің, үйлердің тұрғындарының өкілдерінің жиналышы (жиыны) өткізуі мүмкін. Өкілдік мөлшерін жергілікті өзін-өзі басқару органдары айқындаиды.

6. Қажеттілік болған жағдайларда азаматтардың жиналышына (жиынына) шаруашылық жүргізуші субъектілердің, мекемелердің және басқа да ұйымдардың басшылары шақырылуы мүмкін.

## 3. ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ (ЖИЫНЫНЫҢ) ӨКІЛЕТТІГІ

7. Жергілікті қоғамдастықтың жиналышында (жиынында) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары шенберінде қарастырылуы мүмкін :

1) тиісті елді мекендерді абаттандыру, тұрғын үй қорының сақталуы және тиісті пайдаланылуы, тұрғындарға коммуналдық-тұрмыстық, мәдени және басқа да қызмет көрсету, дene тәрбиесі және спортты дамыту, тұрғылықты жері бойынша азаматтардың бос уақытын ұйымдастыру, табиғатты, азаматтардың жеке қосалқы шаруашылықтарын қорғау мәселелері;

2) елді мекендерді, көшелерді, аландарды атау және қайта атау, әкімшілік-аумақтық құрылымға белгіленген заңнамалық тәртіpte өзгертулерге байланысты мәселелер жөніндегі ұсыныстар;

3) тиісті аумақтың тұрғындарының мұдделерін қозғайтын, шаруашылық және әлеуметтік-мәдени дамудың басқа да мәселелері.

8. Жергілікті қоғамдастықтың жинаалысы (жиныны) тиісті мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға, кәсіпорындарға, мекемелерге және өзге де ұйымдарға ұсыныстар жасауға құқылы.

#### **4. Жергілікті қоғамдастықтың жинаалысын (жинынын) дайындау және өткізу тәртібі**

9. Қаралатын мәселелер туралы және өтетін уақыты, мерзімі, орны туралы белгілі аумақтың тұрғындарына жинаалыс өткенге дейін он күннен кешіктірмей хабарлайтын, жинаалысты өткізуге бастамашылар жергілікті қоғамдастықтың жинаалысын (жинынын) дайындауды және өткізуі қамтамасыз етеді.

10. Жергілікті қоғамдастықтың жинаалысын (жинынын) жүргізу үшін ашық дауыспен төраға, хатшы сайланады және күн тәртібі бекітіледі.

11. Жергілікті қоғамдастықтың жинаалысында (жинынында), жинаалыстың (жинынның) өтетін уақыты және орны, тиісті аумақта тұратын және жинаалысқа (жиынға) қатысуға құқы бар азаматтардың жалпы саны немесе өкілдердің жалпы саны, қатысушылардың саны, төрағаның және хатшының, шақырылғандардың аты-жөні, күн тәртібі, сөйлеген сөздердің мазмұны, қабылданған шешімдер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары көрсетілетін хаттама жүргізіледі. Жергілікті қоғамдастықтың жинаалысының (жинынның) төрағасы және хатшысы

х а т т а м ағ а

қ о л

қ о я д ы .

12. Жергілікті қоғамдастықтың жинаалысының (жинынның) шешімі ашық дауыс берумен қабылданады және ұсыныс сипатында болады.

13. Жергілікті қоғамдастықтың мүшелерінің жинаалысқа (жиынға) қатысқандарының санының көпшілігі дауыс берген болса, шешім қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда жинаалыстың (жинынның) төрағасының пікірі шешуші болып есептеледі.

14. Қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда жинаалысқа (жиынға) қатысушылар немесе өзге де мүдделі адамдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес шағым жасаулары мүмкін.

#### **5. Қорытынды ереже**

15. Жергілікті қоғамдастықтың мүшелері жинаалыс (жиын) өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтаулары қажет.

16. Қоғамдық тәртіпті бұзған адамдар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК